



Ақмешіт

15 сәуір
сенбі

№30 (1937)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Бүгін Сыр елінің бас шаһарындағы
қалалық статусы бар жалғыз
басылым – «Ақмешіт апталығы»
газетінің туған күні. Осыдан 29 жыл
бұрын 15 сәуірде жарық көрген газет
осымен 1937-ші рет шығып отыр.

ТӨРГЕ ОЗ, ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӨЛ БАСЫЛЫМЫ!

Ақпарат айдынында желкені керіп, 1994 жылдан бері жарық көріп келе жатқан «Ақмешіт апталығы» басылымында Сыр журналистикасының қара нарлары еңбек еткенін атап өткен жөн. Газет негізін қалаған Әділхан Бәймен мен басылым жүгін басшымен бірдей көтерген Аманжол Оңғарбаев «Ақмешіт апталығының» келешегіне сенді. Бір кездері мемлекеттік тілдің туын көтерген басылым қаламгерлері елдің жасампаз істерге толы шежіресін жазу жолында үнемі ізденіс үстінде жүрді. Әсіресе аймақтың тыныс-тіршілігін, халықтың әлеуметтік жағдайын, жеткен жетістігі мен еңбек адамын насихаттау журналистер атқарған толассыз істердің қатарында екенін айта кеткен жөн.



Бұл газетті Нұржан Нұрмағанбетов, Нұрлан Көбегенұлы, Нағымжан Сауияев, Мұрат Жетпісбаев, Кенжалы Ерімбетов, Дүйсенбек Аяшұлы, Әділжан Үмбет, Қаныбек Әбдуов сынды елге белгілі қалам иелері басқарды. 2018 жылдың қыркүйегінен бері қалалық газеттің тізгінісі біз болдық. Тағы бір айта кетерлігі, А.Жанаев, Қ.Әшірбекұлы, Ш.Дәрмағанбетов, А.Сәлібекұлы, К.Бердәулетов, А.Келімбетов, Н.Елтай, С.Боканов, Ә.Жақыпов, Ш.Серікбаев, И.Сейтов, Ш.Маханбетовтей шығармашылық өкілдерінің де осы газетте қаламының табы жатыр. Сонымен қатар суретші Қайырбай Зәкірұлының, фото-тілші Болат Омаралиевтің, ақын Әділ Ботпановтың, журналистер Айнұр Тұңғышбаева, Алтынай Молжанова, Бағлан Тілеуберген, Тәжмұрат Әлжанов, Тұрар Бекмырзаев, Гүлбану Мақажан, Айнұр Төлешова, Мейрамқұл Дауылбай, Еркәнат Сәрсенбаев, Кенжетай Қайрақбаев, Жарасхан Қуанышбайұлы, Еркін Шамшадин, Ақтілек Бітімбайдың қалалық газетте ізі қалғанын айта кеткен жөн. Сонымен бірге Қаламқас Кенесариева, Роза Оңғарбаева, Балауса Сарбасова, Әйгерім Әбілжан, Назерке Рахметовадай әріптестеріміз басылым жүгін қаламгерлермен бірдей көтерді.

2 БЕТТЕ

ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ: Халық қалаулылары қандай мәселе көтеруде?



Ел сенімін аркалап, депутат болғандар қызметіне кірісіп кеткені белгілі. Сайлаудан кейін көп уақыт өтпей жатып-ақ, Парламент қабырғасынан сырбойылық депутаттардың дауысы естіле бастады. Халық қалаулыларының қоғамдағы қандай да мәселе болсын, сергектігі, белсенділігі байқалады. Орайы келгенде, елордадан елге дауысы жеткен халық қалаулылары туралы жазғанды жөн көрдік.

Сенатқа сырбойылықтардың сенімін аркалап барған сенатор Руслан Рүстемов – Парламент қабырғасындағы сергек депутаттың бірі. Сыр топырағында мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өтіп, жыл басында сенатор болып сайланған Руслан Рүстемұлы көп көкейіндегі мәселені көтеріп жүр.

Сарбаздың жүрегіне үңілген сенатор

Сенатор көтерген мәселенің бірі – бүгінгі әскер беделінің төмендеп кеткені. Өзі әлеуметтік желідегі парақшасында жариялағандай, Қазақстан әскеріне жауапты мамандармен кездесіп, пікірлесуде бүгінгі әскер жайы туралы көп көкейіндегі мәселені көтеріп, сарбаз ұлттық идеологиямен сусындау қажет екенін, тіпті әскерде ана тілінде сөйлеуі қажеттігін алға тартады. «Жасыратыны жоқ, бүгінгі әскер жайлы жайсыз әңгіме көп. Қалың қазақтың ортасынан шыққан соң елдегі жағдай маған

белгілі. Әскерге баласын жібергісі келмейтіндер де баршылық. Осы мәселе мені көптен толғандыратын. Халық сауалына орай Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан әскеріне жауапты тұлғаларды шақырып, ортақ мүдде тұрғысында ашық сұхбат жасады.

Кейбір мәліметтерде, әскерге міндетті борышкерлердің 60 пайызы еңжарлық немесе қорқақтықтан бас тартса, 30 пайызы жарамсыздық себебінен әскерге бармайды екен. Тек 10 пайызы ғана өздігінен әскерге баруға ынталы. Ойланарлық дерек!

Ұлттық идеологияның кемшін тұсы жетерлік. Мемлекеттік тіл әлі де ақсап тұр. Бұдан басқа да түйінді жағдайлар кездесіп қалады. Неге әскердің беделі түсіп кетті? Міне, мені толғандырған сауал осы бағытта өрбіді», – деп жазады сенатор.

2 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жас мемлекетті дамыту, көшкө қосу, іргесін бекіту, кергесіні кеңейту, шаңырағын биіктету мақсатында атқарылған аз емес. Соның бірі ретінде экономиканы дамыту үшін жасалған қадамдарды, шетелдіктермен екі арадағы келісімдерді атап өтуге болады.

КІСІДЕ КЕТКЕНДІ ҚАЙТАРАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Ұлан байтақ даламыздағы ен байлықты игеру мақсатында 90-шы жылдары шетелдіктердің көмегіне жүгінген кез болды. Қазірдің өзінде олардың ықпалынан арылған жоқпыз. Сөзімізге бір ғана дәлел ретінде мұнай саласындағы компаниялардың басым бөлігін басқа мемлекеттің адамдары басқарып отырғанын айтақ та жеткілікті. Олар осы кезге дейін Қазақстанның байлығын игеріп, қаржысын пайдаланып қана қойған жоқ, сонымен қатар еңбекқанды ретінде болмашы қаржы төлеп, халқын да жұмсады. Кен орындарындағы бүкіл қара жұмысты істейтін қазақтар. Бұл сөзімізді жалған деп ешкім айта алмайды. Оның үстіне қоршаған ортаның тазалығы мен әсемдігін хам экологиясын ойлайтындар аз.

3 БЕТТЕ

ҚҰРМЕТ

Қызылорда қаласының орталығынан мемлекет қайраткері, қазақтың біртуар тұлғасы Темірбек Жүргеновтің жұбайы Дәмеш Жүргенованың атына көше ашылып, ескерткіш тақта орнатылды. Шараға Халықаралық «Turksoy» ұйымының бас хатшысы С.Раев белгілі ғалымдар, зиялы қауым өкілдері қатысты.



СЫР БОЙЫ ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА

Салтанатты жиынды облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашты.

– Бүгін ерекше күн. Дәмеш Жүргенова көшесінің ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы мен Сыр бойы жұртшылығы атынан қош келдіңіздер дейміз!

1937-1938 жылдарды еске алсақ, қазақтың небір асыл тұлғаларының басына қара бұлт үйірілген заман еді. Елдің көңілі мұздап, жүрегі сыздап тұрған кезең болатын. Сол уақытта біздің қаншама арысымыз, топ

бастаған басыларымыз репрессияға ұшырап, еліміз абырап қалғаны – ақиқат. Керек десеңіздер, тіліміз, діліміз, дінімізден айырылып қала жаздаған уақыттар болды. Сол қиындықта білікті де білімді аналарымыз, арыстарымыздың жұбайлары да қудалауға, репрессияға ұшырады. Соның бірі қазақ қыздарының арасынан сұмырылып шыққан білімді, білікті тұлға медицина саласының үздігі, Алматы қаласының Құрметті азаматы Дәмеш апамыз еді.

2 БЕТТЕ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК: ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Нарықтағы күн санап өсіп жатқан бағалар тұрмысы төмен отбасыларға айлығы шайлығына ғана емес, жарап тұрған қарапайым халыққа оңай еместі белгілі. Жолаушылар көлігінің бағасы көтерілмекші деген ақпарат та желдей есіп жүр. Тіпті мәслихат депутаттары да жауапты мекемеге ат басын тіреген. Енді жолақының да құны өсетін болды дегенді естіп мұндай тәуекелге нелікпен барғандығын білу мақсатында «Автобус паркі» мекемесінің басшысына хабарластық.

2 БЕТТЕ

ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ: Халық қалаулылары қандай мәселе көтеруде?

Бейнежазбадан депутаттың көтерген мәселесін де тыңдап, оқырманға жеткізгенді жөн көрдік.

– Қазақтың ақыны Мұсафар Әлімбаевтың мынадай өлең жолдары бар:

«Түрі жоқ деп түсіне,
Тыжырынба, ардақтым.
Сұр шинельдің ішінде
Жүрегі бар солдаттың».

Біз тілге тиек етіп отырған мәселенің бірі – сарбаздың жүрегіне үніле алмай жатырмыз. Біздің әскеріміздің алдында екі өзекті мәселе тұр. Біріншісі – әскердегі сарбаздың жәбірленуі, екіншісі – әскер беделінің төмендеуі. Кеңес одағы кезінде керзі етікті киіп, шинельді үстіне іліп, сол жолдан өткен азамат ретінде ұсыныс айтып келеді.

Алаш қайраткерлерінің өзі ұлттық мемлекет құру идеясын ұлттық жасақтар құрудан бастағаны бекер емес. Жалпы қарулы күшке терең мән берген. Сіздермен кездесу алдында құжаттарыңызды қарап шығып өдім. Мемлекеттік тілде ақпарат жоқ екен. Әскерде сапта тұрған сарбаздың 80 пайызы – ауыл баласы. Ал оған ұлттық идеология жетіп жатқан жоқ, – деген сенатор ұлттық идеологиясын қалқан еткен түрік әсерінің бүгінгі нәтижесін мысал етті. Сонымен қатар арнайы басылмада да әскер беделін көтеретін әрі сарбаз өмірінен мағлұмат беретін еш ақпарат жоқ екенін алға тартады.

Су тапшылығы – өзекті мәселе

Сенатор Руслан Рүстемов көтерген салмақты мәселенің бірі – су тапшылығы жайы. Дария жағасындағы елдің негізгі кәсібі ауыл шаруашылығына бағытталғанын, егін егу маусымында су жетпейтінін талдап мақала жазған депутат бұл мәселені барлық БАҚ арқылы да көтеріп жүр.

Су тапшылығына байланысты сенатор ұсынысынан үзінді келтірсек:

«Мемлекет басшысының қолдауымен су тапшылығын төмендетуге нақты шаралар қабылданды. Президентіміз аталған күрделі мәселені саясиландыруға жол бермей, Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен нәтижелі келіссөз жүргізіп, тиісті көлемдегі судың бөлінуіне жағдай жасады. Ал трансшекаралық өзендер арқылы ел аумағына келген суды тиімді пайдаландыру үйлестіру – Үкіметтің тікелей жауапкершілігі.

Дегенмен республика бойынша суару жүйелерін қалпына келтіру және қайта жаңғырту шараларымен қамтылған 319 мың гектар аумақтың тек 15 мың гектары, нақтырақ айтқанда 5% жетер-жетпес көлемі ғана судың ең көп шығынына бағып отырған Қызылорда облысының үлесінде. Демек, Экология және табиғи ресурстар, Ауыл шаруашылығы министрліктері Қызылорда облысының суармалы жерлерін қалпына келтіру және қайта жаңғырту бағытындағы жобаларын қаржыландыру көлемін арттыруға күш салуға тиіс.

Қысқы-көктемгі мерзімде артық суды жинап, жазда егіске пайдалану да Сыр өңірі дикандары үшін маңызды. Мамандардың пікіріне сүйенсек, ол үшін өңірде «Қараөзек» көлдер жүйесінде 775 млн текше метрлік, Шиелі ауданының аумағында 600 млн текше метрлік «Күмсікөктер», Жаңақорған ауданының аумағында 200 млн текше метрлік «Тайпақкөл-Қандыарал» тасқын су жинағыштары салынған жағдайда суармалы жерлерді, көл жүйелерін, шабындық-жайылымдық жерлерді сумен қамтудың мүмкіндігі артады. Әрине, жобалардың көлемін мейлінше Аралға жіберу тегі де қаралғаны жөн.

Түркістан облысының Мактаарал, Жетісай, Шардара және Қызылорда облысының барлық ауданында тұратын халықтың әлеуметтік әлеуетін арттырып, елдіктің жолында еңбек сіңіруінде Сырдың суы етекші рөлге ие екенін айтуға тиыстық. Мұны шешуде сала мамандары Сырдарияның жоғары ағысында орналасқан көршілермен су бөлісу бойынша келіссөздер жүргізгенде Арал теңізінің жағдайын назардан тыс қалдырмай, халықаралық шарттарға сүйеніп, өзеннің суын тең

пайдалануда табандылық танытуы керек.

Екіншіден, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, судың шығынын азайтуда су шаруашылығы саласын толықтай цифрландыруға көшіру міндеті тұр. Сосын каналдар мен су қашырталарын назардан тыс қалдырмай, үнемі тазалап, қажетті жағдайларда, каналдардың табанын бетондауды қолға алу маңызды», – деп жазады.

Жүргенов жинағы шыға ма?

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің «Ғылымды дамыту: жай-күйі, проблемалары, перспективалары және құқықтық реттеу» тақырыбындағы отырысында сенатор Руслан Рүстемов екі мәселе көтерген.

«Кездесуде отандық ғылымға қатысты 2 мәселені, атап айтқанда ғылыми бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру барысында Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу кезінде қазақстандық сарапшыларға шетелдік сарапшылардан бірнеше есе төмен төленетінін, сондай-ақ 2022 жылдың желтоқсан айында Сыр өңіріне келген сапарында мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің ғылыми еңбектерін сараптап, жинақ шығару жөнінде берген уәдесін Ғылым және жоғары білім министрі Саяхат Нұрбек мырзаның қаперіне салдым», – деп жазады әлеуметтік желідегі парақшасына.

Жайымбетов жылу мәселесін қозғады

Жақында ғана Мәжіліске депутат болып сайланған Мархабат Жайымбетовтің алғашқы депутаттық сауалы жылу жүйесіне байланысты болды.

«Жаңадан тағайындалған Энергетика министрі Алмасадан Майданұлы Сәтқалиев «Жылу энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасын Мәжіліс депутаттарына таныстырды. Қарауымызға ұсынылған құжатты жан-жақты талқыладық.

Осы ретте, Алмасадан Майданұлының назарын бірнеше мәселеге аударттым.

Бірінші. Қазір елімізде 14 мың шақырым жылу жүйелері бар. Оның 2 мың шақырымы жеке меншікте. Мемлекеттік меншіктегі жылу жүйелерінің 54 пайызының тозығы жеткен. Ал жекеменшікте 75 пайыздан асып тұр. Оған млрд-таған қаражат қажет. Алдын ала есеп бойынша, 75 пайыздан 100 пайызға дейін тозығы жеткен жылу жүйелерін жаңғыртуға 600 млрд теңге кетеді. Ал 75 пайыздан 50 пайызға дейінгі тозығы жеткенге 1,8 трлн теңге жұмсалды екен. Осы қаржыны қайдан аламыз?

Екінші. Еліміздегі жылу электр орталықтарының жұмыс істеп тұрғанына 50-60 жыл болған. Бәрінің тозығы жеткен. Сондықтан алдағы уақытта ірі қалалардың өзіне 30-ға жуық ЖЭО салынуы керек. Министрлік мұны қалай іске асырады?

Үшінші. Тариф бағасына әсер ететін дедалдарды жоюға қатысты министрліктің қандай жоспары бар? Айтпа кетейін, өңірлерді жылумен қамту мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін заң жобасы бойынша жұмыс тобы құрылды. Соның құрамында мен де бармын», – деп жазды депутат.

Жергілікті басқарудағы төрт мәселе

Депутат Мархабат Жайымбетов көтерген мәселенің бірі жергілікті басқару заңындағы өзгерістерге байланысты болып отыр. Оның айтуынша, заң нормаларын әлі де пысықтау қажет. Мәжілісменнің ескертуі мынадай:

Бірінші ескертпе. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң жобасы бойынша аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер

Р.С. Ел сенім артқан депутаттардың тыныс-тіршілігі көптің көз алдында. Сайланып алып, ұйықтап жүріп уақыт өткізетін депутатқа орын жоқ. Елге қызмет етемін деген халық қалаулыларының жұмыс барысын елге жеткізу – бір міндетіміз.

денгейінде азаматтардың ашық дауыс беруі арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органы – кеңес қалыптасады. Сол «кеңестің шешімдерінің күшін жоюды кеңес өзі, аудан әкімі, сондай-ақ сот тәртібімен қарастырады» деп көрсетілген. Мысалы, аудан әкімі кеңестің шешімін жойса, онымен кеңестің төрағасы келіспей, сотқа берсе, аудан әкімі жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Алаңдатарлық жағдай. Сондықтан бұл бапты алып тастау керек деп ойлаймын. Өйткені кеңес сайланбалы орган, ол аудан әкіміне тікелей бағынбайды.

Екінші мәселе, мемлекеттік сатып алуға қатысты. Бытыр Қызылорда облысында бірқатар ауыл әкімдері жауапкершілікке тартылды. Неге? Көктемде су айдайтын насосқа жанармай, қосалқы бөлшектер қажет болғанда әкімдер бір көзден мемлекеттік сатып алу келісімшартын жасасауға мәжбүр болған. Конкурсе жарияламағаны үшін олар жауапкершілікке тартылды. Ал ауыл әкімдері конкурсе арқылы жұмысын үйлестірейін десе, кем дегенде бір ай уақыт жоғалтады және заматында көрсетілмеген қызметтің маңызы да болмайды. Осы тығырықтан шығатын амалды қарастыру қажет деп ойлаймын.

Үшінші. Президент бытыр инаугурациядан кейін 26 қарашада бірінші Жарлығын шығарды: Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылдық тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Орындау мерзімі – 31 наурыз. Алайда одан бері 6 күн өтті. Біз жоспарды әлі көрмедік.

Төртінші. Елімізде «Ауыл – ел бесігі» жобасы қабылданған. Оған енгізілген тіректі және серіктес елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарын дамытуға, ауыл халқының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсартуға республикалық бюджеттен қаржылық қолдау жасалады. Мәселен, Қызылорда облысы Арал ауданындағы 23 ауылдың төртеуі (Сексеуіл, Жақсықылыш кенттері, Қамыстыбас, Аманоткөл ауылдары) ғана жобаға кірген. Ал Абай, Қаратерек, Шижаға сияқты екі мыңға жуық тұрғыны бар ауылдар «тіректі» елді мекендерге кірмегеннен кейін инфрақұрылым мәселелерін шеше алмай келеді. Яғни қаржы бөлінбей отыр. Осындай түйткілдер тарқатылмай жатыр. Бұндай мәселер басқа аудандарда да бар. Министрлік ол үшін «Ауыл – ел бесігі» жобасының әдістемесін өзгертуді қарастыру қажет деп есептеймін», – дейді.

Ергешбаевтың екі сауалы

Мәжіліске барған Мұрат Ергешбаев ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Кенжебекулы Жамаубаевқа екі сауал қойды. Оның бірі – мемлекеттік бағдарлама аясында елді мекендерді газдандыру болса, оның ішінде сметалық құжатты дайын 21 жобаны қаржыландыруды сұрады. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу заңнамасын жетілдіру жайын қозғады. Депутат Мұрат Нолқожаұлының айтуынша, мемлекеттік сатып алу конкурсында өзге өңірдің компаниясы жеңімпаз деп танылып, жергілікті кәсіпкерлер қалып қалады.

«Сонымен қатар тәжірибесі жоқ және оған қоса қажетті техникалары мен қызметкерлері жоқ, белгіленген депнингтік бағадан аса көп төмендеткен мекемелер жеңімпаз болып жатады. Бұл жұмыстың сапасыздығына, жұмыстың орындалуын кешіктіруге немесе мүлдем орындалмауына әкеп соғады. Оның салдары тұрғындардың тұрмыс жағдайына, аумақтың әлеуметтік жағдайының дамуына кері әсерін береді. Сол себептен тәжірибесі жоқ немесе тиісті техникалары, қызметкерлері жоқ мекемелерді мемлекеттік сатып алуға қатыстырмау немесе оларға талапты күшейту мақсатында тиісті нормативтік актілерге өзгеріс енгізу қажет», – дейді депутат.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Кайсар жан Темірбек Жүргенов атылған 1938 жылдан бастап Алжир түрмесінде 8 жыл азапты өмір кешкенін білеміз. Ол кісі 1905 жылы Қарағанды облысының 1-ші ауылында дүниеге келді. Мектепті үздік бітіріп, Ташкенттегі Орталық Азия мемлекеттік университетінде білім алды. Сол білім ордасында сабақ берді. Сонда жүріп біздің ауылы ағамыз Темірбек Жүргеновпен отау құрды. Өкінішке орай, Темірбек Жүргенов атылғаннан кейін Дәмеш апамыздың азапты өмірі басталды. Тек 1946 жылы ғана ол кісі ақталып шықты. Бірақ өзінің қажыр-қайратын, болашаққа деген сенімі жолдасының жақсы атын шығарам деген үмітін өшірмеді. Ақталып шыққаннан кейін Сталинге, Суеловқа, басқа да құзыры орындарға хат жазып, жарының қандай азамат екенін дәлелдеу үшін күресті. Дәмеш апамыздың қажырлы еңбегінің арқасында 1957 жылы Темірбек Жүргенов толық ақталды. Халықтың өшкені қайта жанды, өлгені қайта тірілді. Тәуелсіздіктің

Басы 1-бетте

СЫР БОЙЫ ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА



арқасында тарихи әділдіктің орнауына қол жеткіздік, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Мұнан соң Дәмеш апамыздың туған жері Ақтоғай ауданынан келген аудандық мөлсіхат төрағасы Р.Өбеуов туған жердің сәлемін жолдаса, Дәмеш

апаның келіні Б.Төлгенова естеліктер қол жеткіздік, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ
Суретті түсірген
Н.НҮРЖАУБАЙ



Мақсат Жүсіп, «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС директоры:

«Сәуір айында өтетін қалалық мәслихаттың VIII шақырылым депутатының I сессиясына «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қолма-қол төлемді 130 теңгеге көтеруге ұсыныс берді. Электронды түрде төлем ақысы 85 теңге болып қала берді.

Бұл – өз кезегінде жолаушылардың электронды түрде төлем жасауын арттырып, көлеңкелі кәсіптің алдын алудың бірден-бір жолы. Жаңашылдық қоғамдық тасымалдауда ыңғайлы және қаржы ағындарының ашықтығын қамтамасыз етеді, автопарккің кірісін арттырып, жолаушы тасымалдауда мәдениеттілікті қалыптастырып келеді.

Қызылордалықтарға қазіргі таңда электронды түрде төлем жасаудың 8 түрі ұсынылған. Олар: SMS, QR код, ұялы қосымша, көлік және банктік карталарды қолданатын ұялы байланыс операторлары арқылы.

Сонымен бірге SMS BUS қосымшасын кез келген телефоннан өзіңізге жүктесеніз, көліктің қай аялдамадан шыққанын, уақытын бақылау алаңыз. Біздің жоспарымызда алдағы уақытта оқушылар тасымалына мекеме өз иелігін алып, сапалы әрі қауіпсіз қызметті қамтамасыз етуге жауапкершілігін алмақ.

Мекеме басшысының айтуынша, бірыңғай электрондық төлемге көшу қалың бұқараға тиімді. Енді жаппай жұртшылық осы жүйеге көше қалтасына салмақ түспейді. Ал қала тұрғындары не дейді?

Салтанат Салдақасова, қала тұрғыны:

«Өте дұрыс деп ойлаймын. Дифференциалдық төлем деген кез келген салада болады. Қазір еліміздің біраз қаласындағы көліктер осы жүйемен жұмыс істейді. Кім қолма қол төлегісі келмейді. Жол қартасын сатып алыңыздар. Болды. Мәселе шешілді. Жүргізушілер қолма қол төлеген ақшаларды қалтарына салып отыр. Төлем түбіртегін бермейді. Халық оны сұрауды да білмейді.

Басы 1-бетте

Банкроттық рәсімге өтініш беру басталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен төлем мерзімі өткен қарыздары және микрокредиті бар азаматтардың банкроттық рәсімге өтініш беруі басталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қызылорда қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасының жетекшісі маманы Мұрат Сарманов айтты.

Банкроттық және төлем қабілетін қалпына келтіру заңы 3 рәсім аясында жүзеге асады. Мәселен, бірінші рәсім – соттан тыс әкімдіктің банкроттық деп тануы. Бұл рәсім бойынша азаматтардың жеке мүлкі болмауы, сондай-ақ несиесі 12 ай көлемінде төленбеуі қажет. Бұл қатардағы азаматтардың берешек көлемі 5 миллион 500 мың теңгеден аспауы тиіс.

Ал екінші рәсімде жоғарыдағы азаматтардың өтініші соттың шешімімен ғана банкроттық деп танылады. Олардың қарыз көлемі 5 жарым миллион теңгеден асуы керек.

Тіпті жүргізушінің қаспине аударып жатқандарды да көрдік. Тәрбие өзімізден басталу керек.

Айна Әбілдаева, қала тұрғыны: – Жолаушылар көлігінің жағдайы жақсарып келеді. Үлкен сыйымдылықтағы автобустар қаланың көркінін келтіреді. Интервалдарды да тұрақталды. Кіші сыйымдылықтағы көліктерге де жағдай жасалып, электронды төлем картасымен төлеу жүйесі енгізілсе дейміз. Сонда халық жаппай осы электронды төлемді пайдаланар еді. Жол жүру бағасы көтерілсе, кіші сыйымдылықтағы көлікте мінетін кісілерге оңай болмасын анық. Осы жағын жауапты мекеме ескерсе дейміз.

Гүлсара Бакиева, қала тұрғыны: – Жеке көлігіміз болмаған соң маршруттарға телміреміз. Әсіресе кешкі уақытта көліктер лық толы сыймай қалып жатамыз. Сол газельдердің орнына ең болмаса еркін тұрып баратын үлкен автобустар беріле екен. Заманауи автобустар көбінесе, ел де өркенетке ұмтылып, төлемді электронды жүйемен төлейтін болады. Бұл халыққа өте қолайлы әрі ұтымды. Қолма қол төлемнің дәуірі бірте-бірте бітетініне сенімдімін.

Расында, үлкен сыйымдылықтағы автобустар заманауи талапқа сай реттеліп келеді. Кіші сыйымдылықтағы көліктер туралы айтылып та, жазылып та жүр. Олардың сапасы сын көтермейді. Амаж жоқ дйттеген бағытына жету үшін жолаушылар бір-бірін итеріп, сіресіп тұрғаны. Сессия шешімді оң деп тапса, бұл маршруттардың да жол ақысы өскеп. Бұл уақытта дейді серіктестік басшысы. Себебі серіктестіктің стратегиялық жоспарына жыл көлемінде – «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қалаишілік жолаушылар тасымалының барлық бағытын қамту кіреді екен. Сол жана жоба жүзеге асса кіші сыйымдылықтағы көліктердің орнын үлкен сыйымдылықтағы су жана автобустар алмастырмақ. Бұл – болашақтың бағдары. Бірақ нарықтағы бағадан байлам болмай тұр. Құбылған бағаға жұрт наразы. Қазір мардымсыз жақалыны місе тұтқандардың қалтасын қағып кеткелі тұр.

Алайда көпшіліктің жанақайына айналған жолаушылар көлігі мәселесін біртіндеп шешімін тауып келе жатқанын да ешкім жоққа шығара қойма-ен. Серіктестік басшысының мәліметіне сүйенсек, бүгінде қала ішінде 18 бағытта 150 автобус тұрғындарға қызмет көрсетеді екен. Оның он алтысы қалаишілік болса, екеуі саяжайларға қатайнайды. Халық бұл жағынан қоғамдық көліктің біршама жақсарғанына, үлкен сыйымдылықтағы автобустардың көбейгеніне разы.

Өркенетке нек артқан да дұрыс болар. Себебі көпшілігіміз осы көлікке орнатылған электронды төлемге мән бермей, қолма-қол төлем жасауды күп көреміз. Ол өз кезегінде көлеңкелі бизнеске жол ашуда. Халықтың назарын аударып, төлем жүйесін онтайландыру үшін серіктестік осындай қалағам бармақ. Төлген ақшаныз мемлекет қазынасына емес, жеке адамның қалтасына түсіп жатқаны ұрлықпен тең. Ал кіші сыйымдылықтағы көліктер мәселесі облыс басшылығының тікелей назарында тұр. Көп ұзамай бас қаланың көшелеріндегі кіші сыйымдылықтағы көліктің орнын жолаушыларға жайлы жана автобустар алмастыратын болады.

Ендеше баға көтеріледі деп даурыға берудің де реті жоқ секілді. Ол уақытта қиындық екенін сала мамандары терең зерделеп, түсіндіріп отыр. Заман талабына лайықты өмір сүруге талпынып, жаналықтардың жақсысын өмірге енгізіп, мемлекет қаржысын талап-таражқа салмауды жолын қарастырамыз жөн. Электронды төлем жүйесі – талдауды қажет етпейтін таңдау. Заман ағамы бізден өркенеткен қалмауды талап етеді. Олай болса, электронды төлем картасын пайдалануды әдетке айналдырып, өз ақшанызды үнемденіз. Ал кіші сыйымдылықтағы көлікпен жүретін жолаушыларға жағымды жаңалық – мекеме басшысы мәлімдегендей жұмырда 150 автобус әкелініп, қала тұрғындарына қызмет көрсететін болады.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»

Темірбек Жүргенов – ұлттың болашағын ойлап, тіліміз бен діліміздің, салт-дәстүріміздің, мәдени құндылықтарымыздың ұлықталуына айрықша інкәрлікпен атсалысқан бірегей тұлға. Оның есімі қазақ халқына ғана емес, Орталық Азия халықтарына ортақ тұлға. Осы аптада Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттеу кеңістігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

ТАУ ТҰЛҒА – ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ



– Халықаралық «TURKSOY» ұйымы 2023 жылды түркі әлеміндегі Темірбек Жүргенов жылы деп жариялады. Мерейтой жылы ауқымды шаралар ұйымдастырылып, Анкарада, Астанада Темірбек Жүргенов туралы кітаптардың таныстырылымы өтті. Алдағы уақытта Өзбекстан мен Қырғызстанда ұлт қайраткері туралы іс-шаралар өткізілмек. Биыл Түркияда қазан айында «Нарком Жүргенов» қойылымының премьерасы болады, – деді «TURKSOY» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев.

«Комиссар Жүргенов» кітабы

Конференция барысында Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» кітабының тұсауы кесері өтті. Романда Темірбек Жүргеновтің өмір жолы, өскен ортасы, ел игілігін көздеген жанқиярлық еңбегі, қуғын-сүргінге түскен отбасының ахуалы суреттелген. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми кітапханасында «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Айта кету керек, жиында ҚР Ұлттық ғылым академиясының

академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев, «Арыс» қорының президенті, «Арыс» баспасының директоры, филология ғылымдарының докторы Әнес Гарифолла, Мемлекет тарихы институты директорының міндетін атқарушы, ҚР Ұлттық кеңесінің мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяған, «Комиссар Жүргенов» кітабының авторы, жазушы, публицист, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев, К.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғы-



лымдарының докторы, алаштанушы Тұрсын Хазіретәлі, Л.Н.Гумилев аты-

дағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Бауыржан Иманғалиев, Түркия республикасы Мугла Сытқы Кочман университетінің профессоры Кенан Коч, «Темірбек Жүргенов» қоғамдық қорының төрағасы Спен Ансатов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Ұлжан Жанбердиева, «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева мазмұнды баяндама жасады.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ

Шараға отандық және шетелдік ғалымдар, ҚР ҰҒА академиктері, зиялы қауым өкілдері, мемлекет қайраткерлері, сонымен бірге облыс әкімінің орынбасары Нұрмұбет Сақтағанов, Халықаралық «TURKSOY» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев қатысты. Жиында ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің тартысқа толы тағдыры, қазақ халқы үшін атқарған еңбегі туралы тың зерттеулер айтылды.



КІСІДЕ КЕТКЕНДІ ҚАЙТАРАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Қазақстан билігі бұған көз жұмып отыр деп айта алмаймыз. Үкімет заңдылықтарға сай тиісті талап та қойып отыр. Жуырда ғана ел үкіметі республиканың ірі кен орындарын игеріп жатқан әлемдік мұнай-газ алпауыттарына қатысты халықаралық сот ісін бастады. Бұл ақпаратты АҚШ-тың Bloomberg іскерлік жаңалықтар агенттігі хабарлаған. Республиканың «Егемен Қазақстан» газетінің хабарлауынша, Bloomberg аталған ақпаратты жобаларға қатысы бар дереккөздерден алған.

Bloomberg порталы Қазақстанның батысында екі ірі мұнай кенін өндірумен айналысатын шетелдік компаниялар рұқсат етілмеген шығындар бойынша айыпталуға байланысты ел үкіметінен талап-арыз алғанын хабарлаған. Анығын айтсақ, North Caspian Operating Company және Kazachaganak Petroleum Operating BV мұнай консорциумдары төрелік сотқа тартылып отыр. Бұл сотта ұтымыз ба, ұтыламыз ба ол жағы белгісіз. Бірақ талап-арызда миллиардтаған доллар көрсетілген. Күлтегін Бектің республикалық «Жас алаш» газетінде жарияланған «Үкімет 18 млрд долларды қайтара ала ма?» атты мақаласында Қазақстан билігі ел қазынасына 18 млрд доллар қайтаруға ниетті екені жазылған.

«Үкімет Қашаған кен орнын игеру жобасы бойынша серіктестерден 13 миллиард долларға жуық және Қарашығанақ жобасындағы серіктестерден тағы 3,5 миллиард долларға жуық қаржыны мемлекеттік бюджетке қайтаруды талап етіп жатыр. Билік компанияларды 2010-2019 жылдар аралығында даму шығындарын әдейі арттырды деп айыптайды. Шағымдар сондай-ақ, тендерлік жұмыстарға да қатысты, олардың кейбірі жоғары бағамен жүргізіліп, толық көлемде орындалмаған. Қазақстан екі компания да тендерлік рәсімдерді бұзды, ал Қашаған кен орнына жауаптылар өздеріне тапсырылған барлық мердігерлік жұмысты орындамады деп мәлімдейді», – деп жазды К.Бек.

Ботағоз Әбдірейқызының республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Өнім бөлінісін қайта қарайтын кез келді ме?» атты мақаласында талап-арыздар өздеріне тапсырылған барлық мердігерлік жұмысты орындамады деп мәлімдейді», – деп жазды К.Бек. Ботағоз Әбдірейқызының республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Өнім бөлінісін қайта қарайтын кез келді ме?» атты мақаласында талап-арыздар өздеріне тапсырылған барлық мердігерлік жұмысты орындамады деп мәлімдейді», – деп жазды К.Бек.

Қашаған операторына қатысты шағым тек күкіртпен ғана шектелмейді. Күкіртті нормативтен тыс орналастырудан басқа, наурыз айының басында Атырау облысы бойынша экология департаменті жүргізген тексеру NCOC күкірт қиықшылы сақтаудың уақытша алаңын экологиялық рұқсатсыз пайдаланатынын, тазартылмаған шикі газды алауларға жағып, тиісті тазартусыз ағынды суларды буландырып шығаруға ағызып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын толық көлемде орындамағанын, тағы басқа бұзушылықтарды анықтаған. Аталған фактілер бойынша компанияға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің алты бабы бойынша: 324-бабының 1-бөлігі, 325-бабының 1-бөлігі, 326-бабының 1-бөлігі, 328-бабының 1-бөлігі, 331-бабының 3-бөлігі, 332-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік іс қозғалды», – дейді Б.Әбдірейқызы.

Ақпарат көздеріне сүйенсек, билік өкілдері сот процесіне қатысты пікір білдірмеген. Кен орындарын игерумен айналысатын екі консорциум да ешқандай түсініктеме берген жоқ. Үкіметтің талабы консорциумдар құрамындағы кейбір компанияларға ма, жоқ әлде тұтастай бірлескен кәсіпорындардың өздеріне қарсы ма, агенттік ол жағын нақтыламаған көрінеді.

Мақаланың әкімдеріміздегі мұнай компанияларының басым бөлігін шетелдіктер басқаратынын айтқанбыз. Сөзімізді дәйектей түсейік. Қолда бар ақпаратқа сүйенсек, Қазақстан мұнайының 80 пайызы негізінен АҚШ пен Еуропаның мұнай компаниялары игеретін Қарашығанақ, Қашаған және теңіз кен орындарында өндіріледі. Бұл аздай мұнай өндірісінің 65 пайызы, газдың 85 пайызы осыларға тиесілі көрінеді. Сонда қазаққа не қалды? Шындығына келгенде жалғыз мұнай ғана емес, басқа да байлығымыз өзгенің қолында екені екені жасырын емес. Келісімшарттар 40 жылға жасалған болса, инвесторлар Қашағанды қоспағанда, өз салымдарын өтеп үлгерген. Демек енді келісімшартты қайта қарап, оларды еліміз үшін тиімді ететін кез келді. Мәжіліс депутаты Ерлан Сайыров үкіметтің бұл қадамын қолдау керек деп пікір білдірді.

– Үкіметтің бұл қадамын қолдау керек. Тоқаевтың айтқанына сай, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жасалған келісімшарттарда кеткен кем-кетікті қайта қарау қажет. Тек мұнай-газ саласы емес, мәселен, Митталл басқарып

отырған болат өндірісі және тағы басқалар дегендей. Біз еліміздің мүддесіне сай қарекетке көшуге тиіспіз, – дейді халық қалаулысы.

Мұнай-газ саласының сарапшысы Олжас Байділдин Қазақстан – мұнай державасы бола тұра, қара алтынның жартысынан көбі өзімізге бұйырмай, шетелдік компанияларға кетіп жатыр деген пікірді алға тартады.

– 2030 жылдардан кейін бізде мұнай-газ саласында елеулі дағдарыс болады. Осының аясында мұнай-газ келісімшарттарын ұзартуға негіз жоқ деп есептеймін. Мәселен, 10 жылдан кейін теңізді игеру мерзімі аяқталады. Қашаған негізінен үлкен кідірістермен жүрді және қазір бастапқы мерзімдер кешігіп келеді. Қазақстан – мұнай державасы бола тұра, қара алтынның жартысынан көбі өзімізге бұйырмай, шетелдік компанияларға кетіп жатыр. Біз мұнай-газ келісімшарттары бойынша өз позициямызды қатаң қорғауымыз қажет, – дейді сарапшы.

«Егемен Қазақстан» газетіндегі мақалада Үкіметтің Қашаған және Қарашығанақ кен орындарында мұнай өндіретін екі консорциумға қойған талаптары төңірегінде ой-пікір білдірушілер Bloomberg хабарламаларына тұтастай сілтеу болатынын, беделді агенттік ақпаратты толық тексермей ұсынбайтынын айтады.

Экономист Мақсат Халық Қазақстан тарапы 18 миллиард долларды сот арқылы қайтарса талай жыртқытесімізді жамалау болар еді деген пікірде.

– Ретсіз шығындықалған 13 миллиард долларға, экологиялық нормаларды бұзғаны үшін айыппұл ретінде салынатын 5 млрд долларды қоссақ, 18 млрд шығады. Бұл аз қаржы емес. Ұлттық қорымызда 53 млрд доллар бар. Ал бұл соның 40 пайыздайы. Өте қомақты қаржы. Сотқа қазақ үкіметі жеңіп шыға ма, шықпай ма, мәселе онда емес. Тіпті жеңіліп жатсақ, халықаралық өзге де арбитраждық соттарға беріп көру керек. Артық болмайды. Бір мәселе әлі де айқын. Айтайық, 90-шы жылдары жасалған келісімшарттардың бәрі жабық есік жағдайында өтті. Қазақстан мемлекеттік, ұлттық мүдделерін қорғай алмады. Келісімдер корпорациялардың, компаниялардың ыңғайына қарай жасалды. Ұтылып қалған тұсымыз – осы. Енді осыларды көтеріп, қайта ревизия жасап, әлемдік соттардың арқасында Қазақстанның пайдасына сай шешіп алсақ, талай жыртқытесімізді жамауға болар еді, – дейді экономист.

P.S: Қарап отырсақ, өзгеде кеткен есеміз де, байлығымыз да аз емес. Біз «Егемен Қазақстан» мен «Жас алаш» газеттерінде жарық көрген мақалалар аясында тек мұнай саласын ғана сөз еттік. Әйтпесе, табанының астында алтын да, мұнай да, көмір де, мыс та, темір де, күміс те, уран да, бір сөзбен айтқанда Менделеев кестесіндегі барлық элемент жатқан қазақ сол ел байлықтың рахатын көріп отырған жоқ. Шынтуайтын айтқанда, кісінде кеткенді қайтаратын кез келгендей...

Ә. БАТЫРБЕКОВ

МЕЙІРГЕР-ПАЦИЕНТ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Мейіргер мен пациент арасындағы қарым-қатынас күрделі процесс болып саналады. Кез-келген медициналық қызметкер өз қолында ең қымбат дүние болатынын естен шығармауы тиіс. Ол қымбат дүние – денсаулық. Науқастармен тығыз қарым-қатынаста болатын адам – мейіргер. Мейіргер науқаспен тиімді қарым-қатынас орната білуі қажет, тек ем-шара арқылы емдеп қана қоймай, сөз арқылы да көңіл тауып, емнің нәтижелі болуына бар күшін салады. Мысалы, барлық адамның мінезі, ойлау қабілеті, пайымдауы бірдей емес. Әр адамға әртүрлі тактика қолдану керек. Кез-келген науқас емделуге келмей жатып, ішінде белгілі бір қорқыныш немесе үрей сезімі туындайды, міне, сондай жағдайда мейіргер интуитивтік тұрғыдан ойлай білуі маңызды. Адамға жағымды, жүрекке жылы сөйлейтін сөздер айту арқылы, науқас бар уайымын ұмытып, мейіргерге үмітін арттады. Қандай жағдай орын алса да сабырлық таныту қажет. Сондықтан да денсаулығына шағымданып келіп отырған емделушіге көңіл бөліп, тек тәнін емдеп қана қоймай, жан-дүниесімен де тығыз байланыста болып, айтқан мәселесін соңына дейін тыңдап, түсінуге, жұбатыуға, барынша көмектесуге тырысу қажет.

Мейіргерлерге кеңес: пациентке аты-жөнімен сіз деп жүгініңіз, пациент көзіне тура қарап күлімдеп сөйлесіңіз, құпиялықты сақтаңыз, әңгімелесу барысында шынайы болыңыз.

Мейірбек ИШАНБАЙ,
Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері,
тері бөлімінің мейіргері

Осы аптада Сыр елінің бас шаһарында республикалық оқушылар айтысы өтті. «Көктем нұры» атауымен айықталған дәстүрлі дода алашқа белгілі ақын, сыншы, аудармашы, жерлесіміз Жарасқан Әбдірашевтың 75 жылдығына арналды.

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН ОҚУШЫЛАР АЙТЫСЫ



Айтыста еліміздің 6 өңірі мен қаладан және Сырдария, Шиели, Жанакорған аудандарынан келген 10 жас ақын бақ сынады. Айтысты ашып берген қала әкімі Асылбек Шәменов:

– Аралдың айдынын ұшып шығып, атағы Алатаудан әрі асқан, әдебиетке, өнерге деген сүйіспеншілігінің, поэзияға деген құштарлығының арқасында небәрі 21 жасында КСРО Жазушылар одағына мүше болған қайталанбас дарын Жарасқан шайырдың 75 жылдығына арналған дәстүрлі оқушылар айтысының жұлдыздарға берері мол, жетелер шыны биік деп білемін. Бүгінгі сөз бәйгесінің көрігін қыздырсақ деп келген ақындар жыр байрағын биіктен желбіреге берей, – деп талапкерлерге сәттілік тіледі.


Сөздің құнын жоғары қойған жас ақындардың өнеріне «Құрмет» орденінің иегері, белгілі айтыскер ақын, «Көктем нұры» айтысы жобасының авторы Мамыр Байдулұтөв, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов және белгілі жыршы-термеші, халықаралық конкурстардың лауреаты, халықаралық ақын-жыраулар одағының мүшесі Амандық Бүрлібаев төрелік етті.

Жыр додасының қорытындысымен халық ақыны Манап Көкенов атындағы бас жүлде мен ақшалай сыйлықты жеңіп алған Сырдария ауданынан келген жас өрен Нұрахмет Мансуровты қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов марапаттады. Биылғы жылдың басты ерекшелігі, бас жүлде иегеріне белгілі өнер қайраткерлері мен аркалы ақындар, барша алқалаған әлеумет А.Тоқмағамбетов атындағы калық мәдениет үйінің алдында тұлар мінгізіп құрмет көрсетті.

І орын манғыстаулық Ерұстпан Ашауанова, ІІ орын Арқалықтан келген Рағат Нұрисламға бұйырды. Сондай-ақ Жамбыл облысы, Талас ауданы, Аққұм ауылының тумасы Жүнісбек Айсұлду, қызылордалық Ұлықбек Бектай және жанакорғандық Мұхамедәлі Абдуллаев ІІІ орынды өзара бөлісті. Мұнан бөлек, «Сүре айттыстың Сүржекейі – Серік Өтеуов», «Қайым айтыстың хас шебері – Бекұзақ Тәңірбергенов», «Түре айтыстың тарлауы – Махамбетқали Тұрсанов», «Тап берме сөздің тапқыры – Серік Ыдырысов» және «Аламан айтыстың ақтангері – Кенжебай Жүсіпов» атындағы арнайы номинация жеңімпаздарына 100 мың теңгенен 5 жұлде табысталды.

Екі асырдан астам тарихы бар Тұранның төрінде қасиетті тәуелсіздік тағалымын жастардың санасына сіңіру, азыт еліміздің жарқын жетістіктерін кенінен дәріптеу, Жарасқан ақынның өлмес мұрасын, өшпес даңқын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған «Көктем нұры» республикалық оқушылар айтысы көптің көңілін шықты.

А.СЕЙІТЖАШПАР



Бұл білім ошағының ашылғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Десе де білім саласында ұжымға артылған жауапкершілік жүгі зор. Қалаға қарасты «Сабалақ» саяжайындағы №285 мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты білім беру бағытындағы өз жұмысын бастады.

Сыйымдылығы 150 орындық білім ордасының оқушыларды қабылдап, оларға тереңдете білім беруді қолға алғанына да айға жуықтаған. Мектептің бүгінгі тыныс-тіршілігін ұжым басшысы Балзия Абдуллаева баяндады.



«Шәкірт – ұстаз айнасы» десек, оның еңбегі оқушысының жетістігімен өлшенетіні белгілі. Елінің ертеңі болар азамат тәрбиелеу, олардың қоғамдағы орнын қалыптастыру – мұғалімнің еңбек жолындағы басты мүддесі. Сондықтан оларға қойылатын талап пен артылған жауапкершіліктің жүгі ауыр.

БОЛАШАҚҚА БЕТ ТҮЗЕГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

Мектебіміз Наурыз мерекесі қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен салтанатты түрде ашылды. 150 оқушыға білім береміз. Дегенмен қазіргі таңда 100 оқушы білім алуға. Оның ішінде 7 және 8 сынып оқушыларынан 4 сынып жасақталған. Оқушыларды конкурстық негізде іріктеп алдық. Мектебіміз дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты болуы үшін республикалық «Дарынның» желісіне қосылуы керек. Оған қоса талап бойынша 1-2 жыл көлемінде жетістігіміз болуы керек. Алайда біз енді ашылғандықтан, оқушыларды жаңадан қабылдағандықтан әзірге қалыптасу үстіндеміз. Сондықтан мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты негізінде жұмыс істеудеміз, – дейді мектеп басшысы Балзия Абдуллаева.

«Адам адамнан тек білім арқылы озды» дейді хакім Абай. Расымен, әр адамның өмірде өз жолын қалыптастырып, тұлға атануына отбасындағы тәрбиелен бөлек, мектеп қабырғасында алған білімі маңызды. Бұған дейін де Е.Әуезбеков атындағы №4 дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернатта басшылық жасаған, білім саласында талай жыл тәжірибесі бар білікті ұстаз Балзия Абдуллаеваның аталған оқу ордасына басшылыққа келуі де тегін емес. Білікті маман қалыптастырып, білімді шәкірт тәрбиелеуде өз ісінің маманына зор сенім артылған. Бүгінде сол сенімнің үдесінен шығу жолында аянбай еңбек етуде.

Білім ошағы мектеп-лицей-интернаты болғандықтан мұндағы оқушылар 5 күн мектеп жатақханасында жатады. Тек оқу аптасы аяқталған соң ғана үйіне қайтуға рұқсат етіледі. Ал бес күн бойы оқушыға қолайлы жағдай жасау ұжымның міндеті. Бұл ретте ер және қыз балаларға арналған жатын орны, жуыну бөлмесі, медициналық көмек көрсету, өзге де қажеттіліктерге арналған арнайы бөлмелер қарастырылған. Олардың оқудан тыс уақытты өзін қызықтырған спорт түрімен айналысуына мүмкіндік жасалыпты. Мәселен, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы сынды спорттық ойындарға арнайы бөлме жабдықталған. Одан бөлек теледидар көріп, кітап оқуына да мүмкіндік бар. Әр жұма сайын шығармашылықтарын шыңдауға бағытталған түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Сонымен қатар балалар Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген әк мәзірі бойынша бес мәзір тамақтанады.

Біздің сабақ барысы таңғы сағат 8.30-да басталады. Оған дейін оқушылар ұйқыдан тұрып, жаттығу жасап, таңғы ас ішеді. Түске дейін жалпы білім беретін мектеп бағдарламасымен сабақ өтсе, түстен кейін химия, физика, биология, математика, ағылшын пәндерін тереңдетіп оқытамыз. Оның арасында 1 сағаттық түскі үзіліс, 45 минуттық далада серуендеу, тамақтану уақыты белгіленген. Әр сыныптың өз тәрбиешісі бар және екі сыныпқа бір куратор белгіленіп, ер балаларға ер азаматтар, қыздарға әйел тәрбиеші бекітілген. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу, ата-анаман байланысы сынды тәрбие бағытындағы жұмыстар тәрбиешілерге жүктелген. Ал куратор оқушының сабаққа дайындығына, пән мұғалімімен байланысына зерттеу жүргізіп, оқушы мен мұғалім, ата-ана



үштігі, өзге де мәселелер бойынша жауапты тұлға. Бала 24 сағат біздің бақылауда болады. Сондай-ақ мектептің тәртібіне сәйкес балалардың ұялы телефон ұстауына тыйым салынған, – дейді басшы.

Әрбір ұжымның ауызбіршілігі, нәтижелі жұмыс істеуі білікті басшыға байланысты. Бұл ретте мектеп басшысы Балзия Абдуллаева басқару, ұрпақ тәрбиелеу ісінде өзіндік тәжірибесі толысқан маман. Қайсыбір істі қиыннан қиыстыра білетін ол – талапшыл. Оқушыларға білім беру ісі қазір күн сайын өзгеріп отыр. Осы орайда мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының мұғалімдері де осыған сай болуы керек. Бұл білім ордасында 80-нен астам маманға орын белгіленген екен.

Десе де маман тапшылығы бар. Кейбір пәндер бойынша білікті ұстаздар өзге білім ошағынан шақыртылып қоса атқару негізінде жұмыс істеуде.

«Шәкірт – ұстаз айнасы» десек, оның еңбегі оқушысының жетістігімен өлшенетіні белгілі. Елінің ертеңі болар азамат тәрбиелеу, олардың қоғамдағы орнын қалыптастыру – мұғалімнің еңбек жолындағы басты мүддесі. Сондықтан оларға қойылатын талап пен артылған жауапкершіліктің жүгі ауыр.

– Ұстаз бен шәкірттің биіктен көрінуі мектеп мерейін өсіреді. Үйретуден жалықпаған ұстаздар еңбегі өлшеусіз. Өскелең ұрпаққа заман ағымына сай білім мен тәрбие беруде оларға

қойылатын талап жоғары. Ғылыми-технологиялық, инновациялық негіздерді меңгерген маманның оқушыға берері мол болады. Қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдісін қолдану оқушының білім деңгейінің өсуіне өз септігін тигізеді. Оқушыларға тереңдетілген білім беріледі. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде өткізеді. Бұл тұрғыда ұжымда білімді де білікті мұғалімдер қауымы жинақталған. Алайда олардың көбі дерлік біздің мектепте қосымша жұмыс істейтіндер. Алдағы уақытта маман тапшылығын жойып, оқушыларымыз қаламыздың мықты ұстаздарынан білім алуына жағдай жасауды жоспарлап отырмыз. Біздегі басты мақсат – алдымызға келген өртеннен адамгершілікті, білімді, дарынды, салауатты азамат қалыптастыру, – дейді ұжым басшысы Балзия Абдуллаева.

Бәсекеге қабілетті елдер көшіне ілесу үшін сауатты ұрпақ тәрбиелеу – бастысы осы. Жас өрнеңнің ғылымды, заманауи технологияны игеруі, функционалдық сауаттылығын арттыруда ізденіс жасауы – келесі келешегінің іргесін бұғыннен қалауы. Бұған айрықша мән беретін мектеп ұжымы барлық сыныпты оқуға қажетті құрал-жабдықтарын қамтамасыз еткен. Оқушының толыққанды білім алуына бар мүмкіндік жасалса да ескерілуі тиіс дүние бар. Ол – баланың тәртібі. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп ұлы ғұламалар бекер айтпаса керек. Білім ордасының басшысы мұны басты орнына қойған. Жалпы үлкенді сыйлау, ұстазды құрметтеу мұндағы оқушылар үйренетін тәртіптің бастауы.

Бала тәрбиесіне мектеп басшысының бей-жай қарамайтындығын білім ошағына аяқ басқанның-ақ байқауға болады. Мұнда оқушыға ой салар насихат сөздер жаңаша үлгіде көрініс тапқан. Білім алушыға білімнің, тәрбиенің, ауызбірліктің құндылығы өнегелі сөздермен өріліпті. Сыныпқа барар жолда жазылған сөздерге назар аудармау есте мүмкін емес. Ал жатақханаға апарар жолда бір үйдің баласындай тату-тәртіпті тұруға үйденің әсерлі сөздер жазылған. Бұл да болса тәрбие берудің тың әдісі секілді.

Жылы да жайлы, жарық ғимарат білім аламын деген баланы өзіне тартып тұрғандай. Әзірге қалыптасу үстіндегі жаңа білім ошағы алда әлі талай озат оқушыларға жол ашып, дарынды балаларға арналған мектеп-лицей-интернаты деңгейіне жетері сөзсіз.

Кезінде ағартушы ғалымдар оқу, білімі бар жұрттардың қатынан бар жасайтын қабілетін кейінгі ұрпаққа өнеге еткен. Бүгінде олардың айтқаны дәлме-дәл келуде. Білім мен ғылымды қатар игеріп, заман үдерісінен шет қалмауда бұл білім ордасының алға қойған мақсаты зор.



Бетті дайындаған
Айдана СЕЙІТ
Суретті түсірген
Н.НҮРЖАУБАЙ

Ұрпағының ертеңін ойлаған халқымыз бала тәрбиесіне баса мән берген. Қашанда өзекті болған бұл тақырып бүгінде кемшін тұсымызға айналып барады. Сананы тұрмыс билеп, рухани құндылықтар шет қалған тұста тәрбиені ақсайтейдай жайы бар. Ата-ана баланың қамы деп тек ішкер асы мен киер киімін түгендесе, мектепте берілетін тәлім оған қаншалықты азық болады. Жалпы бала тәрбиесіне кім жауапты? Ата-ана ма? Мектеп пе?

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ? Ата-ана ма, мектеп пе?

Гүлдана БАБАОМАНОВА, балалар психологы:

Балалар психологы ретінде менен ата-аналар «Баламның мінезінде өзгеріс бар. Ашушан, сөзіме құлақ аспайды. Не істесем болады? Кеңес беріңізші» деп көмек сұрайды. Ал жұмыс барысында ата-ана мен бала арасында тығыз байланыс жоғын аңғаруға болады. Қазір көпшілік материалдық құндылыққа бой алдырып, күнделікті тіршілік қамынан шыға алмай жүр. Соның салдарынан бала тәрбиесіне аса мән бермейміз немесе жеткілікті уақыт бөлмейміз. Кейбір ата-ана баласының сөзін тыңдауға құлықсыз келеді. Оған болмашы нәрсе деп қарайды. Мәселен балаңыз мектепте кіммен дос екенін, кімге ашуланып не реңжігенін айтып келеді. Бірақ сіз оның бұл әңгімесін аса маңызды санамайсыз. Шындығында, бұл баланың ішкі сезіміне көңіл бөлмеу боп саналады. Сондай-ақ балалар да ата-анасы туралы сипаттама бере алмайды. Көбісі олардың қайда жұмыс істейтінін ғана айтады. Осы орайда психолог ретінде әрбір ата-ана балаға өте көп көңіл бөлуін маңызды екенін айтқым келеді. Бала үшін оған ең жақын әрі жанашыр адам оның ата-анасы. Халқымызда «Бала – ата-ананың айнасы» деген сөз бар. Сіздің жасаған әрекетіңіз, балаға айтқан сөзіңіз оның жалында сақталып қалады. Сол бойынша қалыптасады. Себебі оның үлгі алатын бірінші адамы ата-анасы. Әр отбасы бала алдындағы баланың өзін-өзі тәрбиелеуге, дамытуға баулу, оның жан-жақты дамуына жағдай жасау сынды міндетін ұмытпауы керек.

Бала бойындағы қасиеттер әуелі отбасынан басталса, әрі қарай сабақтастықты мектептен алуы тиіс. Яғни екеуі де тең құқылы. Халқымызда «Ұстаз мейірі мен ана мейірі егіз» деген сөз бар. Бала мектеп табалдырығын аттап, білім ұрпағына қанат қағып үлкен өмірге қадам басқанға дейін ұстаздың да тәрбиесін алады. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-анадан бастап әрбір жауапты тұлға өз міндетін толық атқаруы тиіс.

Әнел Есқалиева, мұғалім.

Бала тәрбиесі қашанда өзекті тақырып. Қазір қоғамда баланың біліміне де, тәрбиесіне де мұғалімдерді жауапты қылған қасаң қағида бар. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Бала дүниеге келгенде алғаш ата-анасының інісін сезіп, соның алдымен өседі емес пе? Сондықтан баланың өмірдегі алғашқы ұстазы, үлгі алатын адамы ол – отбасы. Мектеп те тәлім-тәрбие ошағы. Дегенмен бала онда шектеулі уақыт өткізеді. Ал еркін қарым-қатынас отбасында өрбиді. Қазақта «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген әдемі сөз бар. Бала тәрбиесінде әке рөлін арттыру керек.

Гүлназ Махамбетқалиева, ата-ана.

Ешбір ата-ана баласын жаман болсын демейді ғой. Барлығымызда үй ішінде баламызға тәртіпті бол, сабағыңды оқы деген сынды ақылмызды айтамыз. Алайда балаға қоршаған ортаның әсері мол. Оның қалыптасуына, өзгеруіне де осы жағдай әсер етеді деп ойлаймын. Сол себепті ата-ана мен ұстаз арасында тығыз байланыс орнауы керек. Бұрын ұстаздарды ерекше сыйлаушы едік ғой. Оларды үлгі тұтатынбыз. Бұл үрдіс қазіргі балалар арасында да бар деп ойлаймын. Тек соған лайықты, оқушының ізінен ерте алатын ұстаздар деп сияқты. Әрине, алғашқы тәрбие ата-анадан. Бірақ балабақша, білім ошақтары да тәрбие орны екенін ұмытпау керек. Отбасынан бастап тәрбие саласындағы барлық маман болашақ елдің тұтқасын тәрбиелеймін деген ұстанымда болса екен. Әрқайсысымыз өз жауапкершілігімізді толық сезінгенде ғана тәрбиелі бала, саналы қоғам қалыптастырамыз.

ФИЗИКА ЖАЛЫҚТЫРАТЫН ПӘН ЕМЕС

Физиканы жалықтыратын пән деп санайтындар бар. Бірақ бұл пән ең қызықты ғылым екеніне барлығы келіседі. Өйткені өмір дәл осы ғылымның арқасында өріліп жатыр. Бұл сабақты тек мәселелерді шешу жағынан ғана емес, сонымен қатар формулаларды құрудан да қарастыруға болады. Физика, сондай-ақ адам өмір сүретін әлемді де зерттейді, сондықтан осы әлемнің ережелерін білмей өмір сүру қызықсыз болар еді.

Физика дегенде көз алдыңызға сізді қоршаған табиғат елестейтіні заңдылық. Себебі физика ғылымы табиғаттың, әлемді, жанданды зерттейді. Қазіргі ғылымдардың ішінде ең дамығаны да осы физика. Адамдар осы күні техника-технологиялық құрылғыларға тәуелді. Ал бұл дегеніміз, яғни қолыңыздағы ұялы телефоннан бастап компьютер, күллі техниканың барлығы физика заңдарына негізделіп жасалған.

Физика пәнін қызықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану керек. Әдістемелік оқу құралы оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынтылау, сенімді болуды қалыптастырады. Соның арқасында оқушылар көшбасшылыққа ұмтылып, таланттарын айқындайды.


Иә, физика – сөз жоқ, тәжірибелік ғылым. Оның заңдары тәжірибемен дәлелденген, нақты фактіге негізделген. Физикалық заңдар сан жүзіндегі қатынастар болып табылады да математикалық тілде тұжырымдалады. Осы ретте ұстаздар оқушының математикалық қабілетін ашуға да сеп болады. Сондай-ақ физика қазақы тәлім-тәрбиеде, тұрмыста көптеп кездеседі.

«Түндіксіз үйден түтін түзу шықпайды» демекші, ертеде біздің ата-бабаларымыз көшіп-қонып жүргенде, киіз үйлерде тұрған, киіз үйдің төбесінде уығы болған, оны киізбен жапқан. Күндіз киізді ашып, жоғары жақтан салқын, таза ауа кіргенде, оны түндік деп атаған. Сонымен қатар «Көсеу ұзын болса, қол күймейді», (жылу өткізгіштік), «Қол жұмылмай, жылындайды» (жылу берілу) деп те мазмұндаған.

Әңгімеміздің қорытындысында «Физика – тек қана техникаға алғашқы қадам емес, сондай-ақ адамзат ойының түкпіріне жол» – деген екен неміс физик-теоретигі, 1954 жылы кванттық физика саласы бойынша Нобель сыйлығының иегері Макс Борн.

Қазына ҚУАНШЫОВА,
Мардан Байділдаев атындағы
№232 орта мектептің физика пәні мұғалімі

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификацияланған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция өзқарарымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 Тапсырыс №597

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ